

Субъектілер санының негізгі көрсеткіштері

Жариялау күні: 16.06.2025

Келесі жариялау күні: 15.07.2025

1. Негізгі кезеңдер
2. Субъектілер серпіні
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсіндірмелер
5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі кезеңдер

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны 543725 бірлікті құрады, оның ішінде 423928 жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар. Тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1839358 құрады, оның ішінде 1745211 жұмыс істеп тұрған субъектілер. Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2314260 бірлікті, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 2109425 құрады.

Мөлшері мен белсенділігі бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған субъектілер

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

Өлшемділігі бойынша	Заңды тұлғалар		Дара кәсіпкерлік субъектілері		Филиалдар және шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары		Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер	
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
Барлығы	543 725	423 928	1 839 358	1 745 211	30 393	21 964	2 314 260	2 109 425
Шағын	534 416	414 756	-	-	29 270	20 852	2 311 201	2 106 443
Орта	6 830	6 726	-	-	649	642	3 059	2 982
Ірі	2 479	2 446	-	-	474	470	-	-

2. Субъектілер серпіні

Жыл сайын тіркелген заңды тұлғалар санының орта есеппен 4,5%-ға өскені байқалады, осылай соңғы он жылда (2015-2024 жылдары) олардың саны 360287-ден 536241 дейін (175954 бірлікке немесе 48,8%-ға) өсті. Осыған байланысты негізгі өсім шағын заңды тұлғалар есебінен орын алатындығын атап өту қажет, олардың саны жыл сайын тұрақты түрде орташа 4,6%-ға көбейді. Шағын кәсіпкерліктен бөлек, орта және ірі заңды тұлғалар серпіні тұрақсыз сипатқа ие. Соңғы онжылдықта, орта және ірі заңды тұлғалар санының жыл сайынғы өсуі аясында, 2016, 2017 және 2019 жылдары олардың саны елеусіз түрде, бірақ (1,3%-ға, 1,4%-ға және 3,1%-ға сәйкесінше) төмендеді.

Субъектілер серпіні

Өлшемділігі бойынша	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Барлығы	360 287	383 850	412 677	433 774	446 687	461 983	481 732	507 238	526 290	536 241
Шағын	351 229	374 912	403 862	424 796	437 988	453 343	472 777	497 995	517 123	526 826
Орта	6 572	6 502	6 432	6 490	6 297	6 235	6 494	6 685	6 689	6 919
Ірі	2 486	2 436	2 383	2 488	2 402	2 405	2 461	2 558	2 478	2 496

Серпінді кестелер:

[Экономика салалары бойынша ҚР тіркелген заңды тұлғалар саны;](#)

[Экономика салалары бойынша ҚР жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны](#)

[Өңірлер мен мөлшері бойынша ҚР тіркелген заңды тұлғалар саны;](#)

[Өңірлер мен мөлшері бойынша ҚР жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны;](#)

[Шағын және орта кәсіпкерлік тіркелген субъектілер саны](#)

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар

2025 жылғы мамырды сәуір айымен салыстырғанда, тіркелген заңды тұлғалар санының (0,4%-ға) көбейгені байқалады, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда олардың саны 2,3%-ға көбейді. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны ағымдағы жылдың алдыңғы айымен салыстырғанда 0,07%-ға көбейді, ал өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 0,7%-ға көбейгені байқалады. Жыл басынан бері экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген заңды тұлғалар санының барынша басым бөлігі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша сақталуда, 2025 жылғы 1 маусымда олардың

үлесі 27%-ды құрайды. Екінші орында – «Құрылыс» (13,4%), үшінші орында – «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» (10,1%). Осы үш қызмет түрінің жиынтық үлесі барлық тіркелген заңды тұлғалардың 50,5%-ын құрады.

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша барынша көп тіркелген заңды тұлғалар саны Алматы қаласына (154215 немесе 28,4%), Астана (105932 немесе 19,5%) және Шымкент (29377 немесе 5,4%) тиесілі. Ең аз тіркелген заңды тұлғалар саны Ұлытау (2949 және 0,5%), және Жетісу (8486 және 1,6%) және Абай (8524 және 1,6%) облыстарына тиесілі.

Қызмет түрлері және белсенділігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

Қызмет түрлері бойынша	Барлығы	Одан				Таратылу процесінде
		жұмыс істеп тұрғандар	оның ішінде			
			қайта тіркелгендер	белсенді	уақытша белсенді еместері	
Барлығы	543 725	423 928	47 327	192 305	184 296	4 046
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	21 256	18 374	1 381	5 681	11 312	107
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	5 884	4 975	605	1 235	3 135	38
Өңдеу өнеркәсібі	27 760	21 996	1 692	10 105	10 199	249
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	1 915	1 613	125	567	921	11
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	2 743	2 176	141	937	1 098	38
Құрылыс	72 631	54 499	5 010	15 854	33 635	991
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	147 028	103 671	13 519	45 066	45 086	1 373
Көлік және жинақтау	22 746	17 953	1 776	8 217	7 960	179
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	11 018	8 563	1 248	3 896	3 419	36
Ақпарат және байланыс	19 015	15 393	2 090	7 084	6 219	57
Қаржы және сақтандыру қызметі	7 940	5 666	666	2 439	2 561	116
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	26 963	22 791	2 102	13 675	7 014	148
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	35 279	28 009	2 441	13 628	11 940	188
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	25 502	20 831	1 806	10 734	8 291	121
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	9 728	9 474	238	8 927	309	30
Білім беру	31 235	28 815	1 699	20 981	6 135	133
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	12 154	11 007	1 093	6 909	3 005	36
Өнер, ойын-сауық және демалыс	7 977	6 485	746	3 065	2 674	34
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	54 950	41 636	8 949	13 304	19 383	161
Аумақтан тыс ұйымдар мен органдардың қызметі	1	1	-	1	-	-

Өлшем мен меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

Өлшемділігі бойынша	Барлығы	Оның ішінде меншік нысандары және түрлері бойынша				
		мемлекеттік	жеке барлығы	одан		шетелдік
				мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен)	
Барлығы	543 725	26 008	461 488	492	11 093	56 229
Шағын	534 416	21 080	457 584	428	10 802	55 752
Орта	6 830	3 721	2 822	29	178	287
Ірі	2 479	1 207	1 082	35	113	190

Электронды кестелер:

[Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері;](#)

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлік субъектілері (ДК және БДК)

2025 жылғы мамырды сәуір айымен салыстырғанда кейбір тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің (0,5%-ға) көбейгені байқалады, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда олардың саны 5,5%-ға көбейді. Сонымен қатар жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлік субъектілер санының ағымдағы жылдың алдыңғы айымен салыстырғанда 0,2%-ға көбейгені байқалады және өткен жылмен салыстырғанда 5,3%-ға ұлғайды. Жыл басынан бері экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің барынша басым бөлігі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша сақталуда, 2025 жылғы 1 маусымда олардың үлесі 36,9%-ды құрады. Екінші орында «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» (15,9%), үшінші орында «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» (14%). Осы үш қызмет түрінің жиынтық үлесі барлық тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілердің 66,8%-ын құрайды.

Қызмет түрлері бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлік субъектілері

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

Қызмет түрлері бойынша	Барлығы		Оның ішінде іске асыратындар:			
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	жеке кәсіпкерлік түрінде		бірлескен кәсіпкерлік түрінде	
			тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
Барлығы	1 839 358	1 745 211	1 766 615	1 673 436	72 743	71 775
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	258 248	248 324	185 632	176 618	72 616	71 706
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	814	726	814	726	-	-
Өңдеу өнеркәсібі	92 368	87 270	92 359	87 262	9	8
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	627	579	627	579	-	-
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	2 157	2 066	2 156	2 065	1	1
Құрылыс	60 837	56 921	60 835	56 920	2	1
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	678 824	642 512	678 808	642 499	16	13
Көлік және жинақтау	148 457	143 809	148 448	143 802	9	7
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	48 384	45 609	48 379	45 604	5	5
Ақпарат және байланыс	19 173	18 105	19 173	18 105	-	-
Қаржы және сақтандыру қызметі	629	564	629	564	-	-
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	99 921	95 872	99 902	95 860	19	12
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	32 184	30 405	32 184	30 405	-	-
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	43 602	41 523	43 590	41 511	12	12
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	117	109	117	109	-	-
Білім беру	33 647	32 181	33 646	32 180	1	1
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	11 055	10 553	11 055	10 553	-	-
Өнер, ойын-сауық және демалыс	16 221	15 227	16 220	15 226	1	1
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	292 093	272 856	292 041	272 848	52	8

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының саны 30393 бірлікті құрады, оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны - 21964. Барынша көп тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының саны Алматы қаласына (3879 немесе 12,8%) және Астана қаласына (3530 немесе 11,6%), және Қарағанды облысына (1918 немесе 6,3%) тиесілі. Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының барынша басым үлесі «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» (12591 немесе 41,4%), «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» (4016 немесе 13,2%) және «Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет» (2166 немесе 7,1%) салаларына жатады.

Өлшем мен меншік нысандары бойынша тіркелген филиалдар

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

Өлшемділігі бойынша	Барлығы	Оның ішінде меншік нысандары және түрлері бойынша					шетелдік
		мемлекеттік	жеке барлығы	одан		бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен)	
				мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)			
Барлығы	26 355	2 591	22 621	144	644	26 355	
Шағын	25 271	2 318	21 858	122	615	25 271	
Орта	627	144	447	12	12	627	
Ірі	457	129	316	10	17	457	

Өлшем мен белсенділігі бойынша тіркелген шетелдік заңды тұлға филиалдары

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

Өлшемділігі бойынша	Барлығы	Одан					таратылу процесінде
		жұмыс істеп тұрған	оның ішінде			уақытша белсенді еместері	
			қайта тіркелгендер	белсенді			
Барлығы	4 038	2 123	306	910	907	81	
Шағын	3 999	2 086	305	878	903	80	
Орта	22	20	1	17	2	1	
Ірі	17	17	-	15	2	-	

Шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша шетелдік меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары саны өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 5,4%-ға көбейді. Бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар мен филиалдар 0,3%-ға азайды.

Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының барынша басым үлесі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» – 35,5%, «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» – 14,6%, «Құрылыс» – 9% салаларына тиесілі.

Шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары*

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

Елдер бойынша	Заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары			
	шетелдік меншік нысаны		бірлескен меншік нысаны	
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
Қазақстан Республикасы	61 410	44 618	11 737	8 615
Ресей	23 161	17 752	4 877	3 744
Өзбекстан	6 849	5 413	613	442
Қытай	6 040	4 321	1 043	798

Түркия	5 208	3 357	755	472
Қырғызстан	3 125	1 945	384	295
Әзірбайжан	1 584	1 191	215	152
Украина	1 309	927	380	289
Германия	951	726	484	345
Беларусь	911	735	194	152
Корея Республикасы	879	560	164	108

* Тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары ең көп 10 көшбасшы ел

Электронды кестелер:

[Бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар мен филиалдар](#)
[Шетелдік меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары](#)

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 4,5%-ға көбейді. ШОК субъектілерінің жалпы санындағы жеке кәсіпкерлердің үлесі 68%-ды, шағын кәсіпкерлік заңды тұлғалары – 20,4%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 11,4%, орта кәсіпкерлік заңды тұлғалары – 0,1%-ды құрады.

Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің барынша басым үлесі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» – 35,3%, «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» – 13,9%, «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» – 12,9% салаларына тиесілі.

Қазақстан Республикасындағы аумақтар бөлісінде тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер саны

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша

Аумақтар бөлісінде	Тіркелген	Жұмыс істеп тұрғандар
Қазақстан Республикасы	2 314 260	2 109 425
Абай	58 960	54 787
Ақмола	65 336	60 304
Ақтөбе	92 758	86 648
Алматы	157 974	148 182
Атырау	68 893	63 838
Батыс Қазақстан	63 364	58 268
Жамбыл	118 014	105 712
Жетісу	64 970	61 032
Қарағанды	111 728	99 230
Қостанай	71 351	67 493
Қызылорда	67 304	64 618
Маңғыстау	84 033	77 898
Павлодар	63 483	56 781
Солтүстік Қазақстан	38 901	35 709
Түркістан	216 805	212 081
Ұлытау	19 418	18 116
Шығыс Қазақстан	69 377	63 366
Астана қаласы	295 179	254 439
Алматы қаласы	436 927	382 744
Шымкент қаласы	149 485	138 179

Электронды кестелер:

[Қазақстан Республикасында тіркелген және жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны](#)

3. Глоссарий

Дара кәсіпкерлік – бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың таза кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі. Дара кәсіпкерлік өзіндік немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады.

Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары – қызметкерлердің орташа жылдық саны мен орташа жылдық табысқа байланысты кәсіпкерлік субъектілері мына топтарға жатады: "шағын кәсіпкерлік

субъектілері", оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері. Мемлекеттік статистика мақсаты үшін тек қана қызметкерлердің орташа жылдық саны белгісі ғана пайдаланылады.

Қызметтің негізгі түрі – шаруашылық жүргізуші субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа түріне қосылған құн салығынан асатын қызмет түрі;

Қосылқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін өнімді (тауарды және қызметті) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгіден басқа қызмет түрі.

4. Әдістемелік түсіндірмелер

Барлық ұсынылған көрсеткіштер Статистикалық бизнес-тіркелім негізінде қалыптасқан, ол заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары, сондай-ақ тіркеу органдарында тіркеуден немесе қайта тіркеуден өткен дара кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты қамтиды.

Ұсынылған кестелер тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың, филиалдардың және шетелдік заңды тұлға филиалдарының, дара кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ қызмет түрлері мен өңірлер бөлінісі бойынша, меншік нысандары бойынша, мөлшері бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын көрсетеді.

Қызмет түрлері қолданыстағы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес ұсынылған. Бірнеше қызмет түрлерін жүзеге асыратын субъектілер ең көп қосылған құн өсімін қамтамасыз ететін, негізгі қызмет бойынша есептеледі.

Статистикалық бизнес-тіркелімде жұмыс жасайтын субъектілерге мыналар жатады:

- дәл қазіргі уақытта экономикалық қызметті жүзеге асыратын, яғни белсенді субъектілер;
- жаңадан тіркелген және экономикалық қызметті әлі жүзеге асырмағандар;
- уақытша қызметін тоқтатқан субъектілер.

«Қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуішіне» сәйкес мөлшері бойынша қызметкерлердің жалпы жылдық санына байланысты субъектілерді 3 топқа бөлу қарастырылған:

- шағын (100 адамға дейін);
- орта (101ден 250 адамға дейін);
- ірі (250 адамнан астам).

Филиалдары бар заңды тұлғалар оның барлық филиалдарындағы қызметкерлерінің тізімдік санымен бірге есептеледі.

5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Заңды тұлғалардың жасы](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық бизнес-тіркелім ақпараттық жүйесін жүргізу және өзектендіру бойынша әдістемесі.](#)

[Шағын және орта кәсіпкерлік көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.](#)

[Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі.](#)

[Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы \(Салық кодексі\).](#)

[Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді тапсыру ережелері.](#)

[Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы.](#)

[«Талдау» ақпараттық-талдамалы жүйесі/Статистика бөлімі/Кәсіпорындар статистикасы.](#)

[Сапа бойынша есеп.](#)

[«Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп» статистикалық нысаны \(1-СР индексі, жылына 1 рет\).](#)

№ 10-7/3440

2025 жылғы 16 маусым

Жауапты шығарушы: Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер департаменті	Департамент директоры Е. Бекбердиев Тел. +7 7172 74-90-58	Орындаушы: Д. Төлеуғали Тел. +7 7172 74-97-98 E-mail: d.toleugali @aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4- кіреберіс
--	--	--	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы